

## ЭРОЗИЯ ПОЧВ

УДК 631.459

### АГРОЛАНДШАФТТАРДАҒЫ ТОПЫРАҚТАРДЫҢ ДЕГРАДАЦИЯҒА ҰШЫРАУ ҚАУІПТІЛІГІН БАҒАЛАУ

#### II. ИЛЕ АЛАТАУЫНЫң ЕТЕГІНДЕ ЖАЙҒАСҚАН КҮҢГІРТ ҚАРАҚОҢЫР ТОПЫРАҚТАРДЫ ҚАМТЫҒАН АГРОЛАНДШАФТТАРДАҒЫ БЕТКІ СУ АҒЫНДАРЫНЫң ЭРОЗИЯЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІН БАҒАЛАУ

Д.К. Шоқпарова, Е.Х. Кәкімжанов

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Қазақстан, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, e-mail: dana\_shokparova@mail.ru

Мақалада Іле Алатауының етегінде жайғасып, күңгірт қарақоңыр топырақтарды қамтыған 1:25 000 масштабтағы қоныстық деңгейдегі агроландшафттардың картасы құрастырылып, ондағы бедерлердің еңістіктеріне арналған картасы қосымша берілген. Мұндағы беткейлік экспозицияларда орналасқан еңістіктердің дәрежелік көрсеткіштерін градус арқылы анықтап, олардағы беткі ағын мен су эрозиясының қарқындылықтары зерттелген. Дақылдар егілген жерлермен салыстырғанда, беткі ағынның аз мөлшерлері мен топырақтың шайылуының төменгі көрсеткіштері айдалмаған тың жерлерде байқалады. Суармалы жерлердегі агроландшафттардың морфологиялық-аналитикалық қасиеттерінде ерекшеліктер бар екендігі анықталды. Әсіресе, гумустың мөлшері топырақтың кескіндік бойымен тереңдеген сайын біртінде азаяды. Қеміртегінің азотпен ара қатынасының мәндегі айтарлықтай жоғары көрсеткішке ие болып, ал гумин қышқылдары мен фульвоқышқылдарының ара қатынастың мөлшерлері «1» деген мәннен жоғарыны көрсетеді. Бұл көрсеткіш, зерттеліп отырған топырақтардың далалық биоклиматтық жағдайда дамып, қалыптасқандарына айғақ екендігін дәлелдейді.

#### КІРІСПЕ

Бұл мақала, осы журналдық-басылымның 2012 жылғы №1-санында жарияланған «Дифференциацияланған агроландшафттардың деградацияға ұшырау қауіптілігін бағалау карталарын құрастыру» атты ортақ тақырыптың [1] келесі топтмасы ретінде ұсынып отырған жалғасы болып табылады. Откенде жарияланған мақалада Алматы облысындағы Жамбыл ауданының көлемінде жайғасқан ашық қарақоңыр топырақтарды қамтыған агроландшафттардың су эрозиясына ұшырау дәрежелерінің деңгейлік өлшем-көрсеткіштерін нақтылы әксерименталдық бақылау арқылы алынған нәтижелерінің қорытындылары берілсе, бұл мақалада, Қарасай ауданындағы күңгірт қарақоңыр топырақтардан тұратын агроландшафттардағы беткі су ағындарының эрозиялық қарқындылықтарын және морфологиялық-

аналитикалық мәліметтерін баяндайтын тұжырымдар берілген.

Бұл топырақтар ауданның оңтүстігін көмкеріп жатқан таулардың тікелей етектерінде жайғасып, ашық қарақоңыр топырақтардың биіктік белдеудегі жалғасы болып табылады да, жайылымдық және егіншіліктегі рөлдері ерекше орын алады. Әсіресе, осы аумақтағы егіншілікке тәлімі және суармалы жерлер қатарласа пайдаланылып, шаруалардың негізгі табыс көздеріне айналғандарын айта кеткен жөн. Соңдықтан, аудан көлемін ландшафтқа бейімделген егіншілік жүйесінің жобасына көшіру үшін жүргізілетін территориялық талдау барысында, бұл топырақтарды зерттеу нысандарының негізгілер қатарына жатқызуға болады.

Сонымен, бұл жұмыстың мақсаты - Іле алатауының етегінде жайғасып, күңгірт қарақоңыр топырақтарды қам-

тыған агроландшафттардағы беткі су ағындарының эрозиялық әрекеттерін бағалау және морфологиялық-аналитикалық сипаттамасын беру.

Бұл мақсатқа жету үшін келесі мәселелер шешілді:

- Іле Алатауының етегінде орналасып, Алматы облысының Қарасай ауданында жайғасқан күңгірт қарақоңыр топырақтарды қамтыған территорияларды физикалық-география түрғысынан талдап, қоныстық деңгейдегі агроландшафттардың 1:25 000 масштабтағы карталарын құрастыру;

- анықталған қоныстық ландшафттардың солтүстік және оңтүстік экспозицияларындағы беткейлік кеңістіктерінің градустық көрсеткіштеріне қарай жіктеу;

- осы деңгейдегі агроландшафттардың беткі су ағындарының эрозиялық әрекеттерінің құрамды бөліктеріне жататын жаңбыр мен қар суларының экспозициялық беткейлердегі еңістіктік көрсеткіштеріне байланысты туындаған ағын мөлшерлерін, олардың коэффициенттерін, топырақтардың шайылу мөлшерлерін және су эрозиясының қарқындылықтарын анықтау;

- жайылымдық жерлер мен егістік алқаптарда егілетін дақылдардың түрлеріне байланысты туындаған беткі ағындардың эрозиялық әрекеттерінің өлшемдік-көрсеткіштерін анықтау;

- күңгірт қарақоңыр топырақтардың морфологиялық-аналитикалық мәліметтеріне сипаттама беру.

#### ЗЕРТТЕУ НЫСАНДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Зерттеу нысандары ретінде Іле Алатауының етегінде орналасқан Алматы облысындағы Қарасай атындағы әкімшілік ауданында жайғасып, күңгірт қарақоңыр топырақтарды қамтыған қоныстық деңгейдегі агроландшафттар таңдалды. Бұл топырақтардағы бақылау үлескілері осы аудандағы

Шамалған селосының батысындағы Фабричный поселкесіне (Жамбыл ауданы) жетпей, орта шенінде таңдалып алынды. Оларды осы топырақтарға ете тән телімдерге орналастырып, солтүстік және оңтүстік экспозицияларында кескіндік шұңқырлар қазылып, тектік-морфологиялық құрылымдары сипатталды. Кескіндік шұңқырларды осы экспозициялардың 50-тың еңістігінде орналастырдық. Төменде оның толық сипаттамасын баяндауды жөн көрдік.

Кескіндік шұңқырды орналастырған абсолюттік биіктік - 830 м тең. Айдалмаған тың жер. Өсімдіктер құрамы ақ селеулі, бетегелі боздан, жусаннан және тау алдына тән аз мөлшердегі қияқшөптерден тұрады. 10 %-дық түз қышқыларының әсерінен топырақтың қайнауы жоғарғы қабаттан басталып, аналық тау жынысына дейін жетеді. Бұл құбылыстопырақ кескінінің 67 см-інен тереңге қарай дақтана кездесетін карбонаттардың мөлшерлерінің молдығынан болады.

A<sub>1</sub> 0-8 см – қарақоңыр реңді (каштановый оттенок) күңгірт-сұр түсті. Құрғақ, борпылдақ, үгілмелі-кесекті, орташа қабыршақтанған, орташа саздақты механикалық құрамда. Келесі қабатқа-өтуі, бояуына (түсіне) қарай анық байқалады.

A<sub>2</sub> 8-30 см – күңгірттеу-құба түсті. Әлсіз нығыздалған, дымқыл, кесектеу-үгілмелі, орташа саздақты механикалық құрамда.

B<sub>1</sub> 30-45 см – қарақоңыр реңді құба түсті қабат. Дымқыл, нығыздалған, кесекті, орташа саздақты механикалық құрамда.

B<sub>2</sub> 45-63 см – сұрлау-құба түсті қабат. Ылғалды, жоғарғы қабатпен салыстырғанда біршама нығыздала түскен, кесекті, орташа саздақты механикалық құрамда.


ВС 63-102 см – ашық-құба түсті қабат. Дымқыл, нығыздалған, карбонаттар жеке дақ және томпақ түйірлер түрінде кездеседі. Кесекті-жанғақ тәрізді, ауыр саздақты механикалық құрамда.

$C_{1k}$  102-140 см – қуаң-сарылау-құба түсті қабат. Дымқыл, карбонаттар өте мол мицелиялды жіпшелерден және аз мөлшерде «шегір көзді» (белоглазка) түйіршіктерден тұрады. Нығыздалған, шыбын-шіркейден (насекомдардан) пайда болып, кейіннен карбонаттармен цементтелген қапшықтар кездеседі. Механикалық құрамы ауыр саздақты.

$C_2$  140-210 см – сарылау-құба түсті қабат. Лесс тәрізді, нығыздалған жұқа кеуекті саздақ. Шыбын-шіркейден пайда болған, ал кейіннен карбонаттармен цементтелген қапшықтар мұнда да кездеседі. Механикалық құрамы ауыр саздақты.

Жоғарыда сипатталған тың жердегі топырақтың тектік-морфологиялық құрылымы сияқты, осы нысандарда жайғасқан тәлімі және суармалы жерлердегі

Сурет 1 – Күңгірт қарақоңыр топырақтардың қамтыған агроландшафттардың еңістіктік картасы



топырақтарда далалық әдіспен зерттелді. Бұл мәліметтер осы мақаланың «нәтижелер және оларды талқылау» бөлімінде берілді.

Енді зерттеу әдістеріне келетін болсақ, шешілетін мәселелерге сәйкес, алынатын нәтижелердің көрсеткіштері мен мәндерін өзара салыстыруға болатын-дай үстанымды пайдаланып, өткен мақалада [1] жарияланған әдістерді толығынан қолдандық. Сондықтан, бұл мақалада, олардың басынан аяғына дейін тізбектеп көлтіруді жөн көрмедік.

### НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

Жоғарыда кеңінен баяндалған карта құрастыру әдістерінің негізінде, 4 361 га жерді алып жатқан күңгірт қарақоңыр топырақтарды қамтыған агроландшафттардың 1:25 000 масштабтағы еңістіктік картасының сандық үлгісі жасалды (сурет 1). Бұл карта горизонтальдарды цифрлау арқылы құрастырылып, әрбір еңістік көрсеткіштері градиенттік түстермен боялды.

Кұрастырылған картадағы әртүрлі еңістіктік деңгейлердегі беткейлердің көлемдеріне талдау жасау арқылы келесі нәтижелер алынды: 285 га немесе зерттегендін нысандың жалпы көлемінің 6,6 пайызы 1-30-тық еңістікті алғып жатыр. Сол сияқты 3-50-тық еңістігі бар жер 775 га көлемде болып, 18 %-ды құрайды, ал 2870 га (66 %) жер 5-70-тық еңістіктергі ие болса, 431 га (9,4 %) жері 70-тық еңістігі бар жерге жататыны белгілі болды.

Сонымен, ашық қарақоңыр топырақтар қамтылған ландшафттардағы беткі ағынның эрозияға әсерін зерттеу нәтижесінде, айдалмалы жерлердің құнарлылығы мен егіншілікке пайдалануына су

эрозиясы айтартылғатай әсер ететіндігі айқындалды. Әсіресе, көктем мезгілінде, қардың қарқынды еруі мен жаңбырдың аса көп мөлшерде жауатындығы көп үлесін қосады екен. Эрозияның қарқындылығы беткей экспозициясы мен кеңістігі, жиналған қар қорындағы су көлемі, әсіресе, көктемгі жаңбырдың қарқындылығы мен мөлшеріне тікелей байланысты болатындығы айқындалды. Осы заңдылықтар Қарасай ауданының шеңберінде жайғасып, күңгірт қарақоңыр топырақтарды қамтыған ландшафттардағы жер бетіндегі су ағындарының эрозиялық процестерге әсерлерін зерттегендеге үқсастықтары табылды (1-кесте).

**Кесте 1 – Іле Алатауының солтүстік беткейінде жайғасып, күңгірт қарақоңыр топырақтарды қамтыған агроландшафттардағы беткі ағын мен су эрозиясының қарқындылығы**

Беткі ағын мен су эrozиясының көрсеткіштері	Беткейлік еңістіктері, градус			
	1-3	3-5	5-7	>7
<b>Солтүстік экспозиция</b>				
Қардағы судың қоры, мм	99	96	91	86
Еріген қар супарының ағыны, мм	18	22	26	32
Ағынның коеффициенті	0,18	0,24	0,29	0,33
Топырақтардың шайылуы, т/га	1,2	1,5	1,9	2,8
Эрозияның қарқындылықтары, г/л	6,7	6,8	7,3	8,7
Жаңбырдың топыраққа сіңген қалындығы, мм	128	128	128	128
Жаңбыр суының ағындық мөлшері, мм	14	28	38	45,9
Ағынның коеффициенті	0,11	0,22	0,33	0,34
Топырақтардың шайылуы, т/га	2,4	4,9	12,3	23,4
Эрозияның қарқындылықтары, г/л	17,1	17,5	32,4	50,9
Ағынның жалпы мөлшері, мм	32	52	64	77,9
Топырақ шайылуының жалпы мөлшері, т/га	3,6	5,8	14,2	26,2
<b>Оңтүстік экспозиция</b>				
Қардағы судың қоры, мм	80	76	75	72
Еріген қар супарының ағыны, мм	20	22	24	28
Ағынның коеффициенті	0,25	0,29	0,32	0,39
Топырақтардың шайылуы, т/га	1,5	1,7	2,4	3,5
Эрозияның қарқындылықтары, г/л	7,5	7,7	10,0	12,5
Жаңбырдың топыраққа сіңген қалындығы, мм	128	128	128	128
Жаңбыр суының ағындық мөлшері, мм	20	29	46	50,0
Ағынның коеффициенті	0,16	0,23	0,36	0,39
Топырақтардың шайылуы, т/га	4,0	6,5	17,3	27,6
Эрозияның қарқындылықтары, г/л	20,0	22,4	37,6	35,2
Ағынның жалпы мөлшері, мм	40,0	51,0	62,0	78,0
Топырақ шайылуының жалпы мөлшері, т/га	5,5	8,2	19,9	31,1

Кестеде көрсетілген мәліметтерге жүгінсек, қардың еруі мен көктемгі жаңбырдың әсерінен пайда болатын топырақтың шайылу көрсеткіші түрлі дәрежелердегі тік беткейлер мен экспозицияларында 3,6-31,1 т/га аралығында ауытқып отырды.

Эрозиялық процестердің қарқындылығы, қардың еруімен салыстырғанда, көктемгі жауған жаңбыр суының мөлшері мен қарқындылығына, сонымен қатар, солтүстік экспозициямен салыстырғанда оңтүстік экспозицияда басым жүреді еken. Мысалы, солтүстік экспозицияның әр түрлі еңістіктік көрсеткіштерінде қардың еру нәтижесінде топырақтың шайылуы 1,2-2,8 т/га болса, жаңбыр жауғанда - 2,4-23,4 т/га, ал осындағы еңістіктері бар оңтүстік экспозицияларда - 1,5-3,5 т/га болды. Әсіреле беткейлердің еңістік көрсеткіштерінің артуымен және де жаңбыр жауған кездерде айтартылған артатыны байқалады. Осындағы жағдайларда, тік беткейлердегі эрозиялық процестер қарқындан, олардың деңгейі артады. Мұндай жерлерде топырақтың басым бөлігі шайылып кетеді.

Беткейдің еңістіктік көрсеткіштері екі есе артқан жағдайда қардың еру кезіндегі беткі ағын қарқындылығы 1,1-1,2 есеге, ал үш есе көбейген жағдайда - 1,6-2,3 есеге, ал бұлармен салыстырғанда жаңбырдың әсерінен 2 және 5-10 есеге артатындығы дәлелденді.

Жоғарыда алынған мәліметтерді ескере отырып, солтүстік беткейдің эрозияға қарсы тұруы оңтүстік беткеймен салыстырғанда жоғары екендігін байқауға болады. Бұл жағдай қардың еруі мен жаңбырдың жауу қарқындылығына да байланысты болып, сәйкесінше, эрозияның қарқындылығы 6,5-8,7; 17,1-50,9 және 7,5-12,5; 20-55,2 г/л болады еken.

Беткі ағын көрсеткіштерін бағалауда топырақтың типтік ерекшеліктеріне,

жерді игеру тәсілдері мен егілетін дақылдардың түрлеріне, жауын-шашиның қарқындылығына байланысты эрозияға қарсы тұру қасиетін де ескерген жөн. Түрлі агроландшафттардың топырақтарындағы жүретін су эрозиясын бағалау, аймақтық немесе жер-глікті деңгейде олармен күресу шараларын белгілеу үшін эрозияны тудыруши, оған әсер етуші факторларды анықтау қажет. Бұл процестік негіздер жер бетіндегі ағындардың қалыптасуы, оның пайда болуы және қарқындылығы эрозиялық процестердің құрамды бөлігіне жатады. Беткі су ағынының қалыптасуындағы басты фактор топырақтың су өткізгіштік қасиетіне байланысты болып, ал ол өз кезегінде, жер бедерінің еңістігі, еріген қар суының қоры, жаңбыр суының мөлшері мен қарқындылығы, топырақтың беткі қабатының қыста тоқып-қату тереңдігі, жайылымдық жерлердің түрлері, ондағы өсімдіктердің қалындығы мен сиректігі немесе бар-жоқтығы, микро- және нанобедер іншіндерінің айқын байқалуы және т.б. жағдайларға тікелей байланысты болатыны белгілі.

Осыған байланысты қарастырылып отырған күңгірт қарақоңыр топырақтарда, ашиқ қарақоңыр топырақтардағы сияқты, түрлі дақылдар егілетін алқаптар мен айдалмаған жерлердің эрозияға қаншалықты қарсы тұратынына салыстырмалы баға беру мүмкіндігі туындағы (2-кесте).

Кестедегі келтірілген көрсеткіштер солтүстік беткейдегі 7-80-тық еңістікте орналасқан төрт элементарлы үлескілерде жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде алынды. Бұл жұмыс 2011 жылдың 10 мамыр айында жүргізіліп, 30 минуттық бақылау аралығында 17 мм жаңбыр жауып, минутына 0,57 мм құрап, бұдан туындаған ағыстың арпа, күздік бидай және жоңышқа егілетін шабындық жерлердегі мөлшерлері 2,52-4,84

Кесте 2 – Күнгірт қарақоңыр топырақты қамтыған агроландшафттағы жайылымдық жерлер мен егілетін дақылдардың турлеріне байланысты туындаған беткі ағын мен эрозияның қарқындылық көрсеткіштері

10.05.11	Зерттеу жүргізілген уақыт	Беткейдін еңістігі, градус	Жауын-шашының, мм	Жауын-шашының орташа қарқындылығы, мм/мин	Эрозия көрсеткіштері	Егістік жер			Жайылымдық жер
						Жаздық арна	Жаздық бидай	Жоңышқа	Айдалмаған тың жерлер
7-8	17	0,57			Aғын, м <sup>3</sup> /га	37,5 17,9	25, 12,0	48,9 23,3	14,7 7,0
					Топырақтың шайылуы, т/га	1,8	0,65	0,34	0,07
					Эрозияның қарқындылығы, г/л	29,3	25,7	7,0	4,76

мм, ал айдалмаған тың жерлерде 1,47 мм немесе 25,2-48,9 мм аралығында ауытқып отырды және сәйкесінше 14,7 м<sup>3</sup>/га құрады. Ал, шабындық жерлерде эрозияға қарсы тұрудың жоғарғы көрсеткіштеріне жоңышқа және күздік бидай егілген алқаптар ие болып, соларға сәйкесінше топырақтың шайылуы 0,34 және 0,65 т/га құрады. Бірақ, топырақтың ылғалды сіңіріп, сақтап қалуы жоңышқа егілген алқаптармен салыстырғанда күздік бидай алқаптарында жоғары екендігі анықталды. Арпаның баяу дамуының әсерінен егістік алқаптың беті толық жабылмай, жаңбырдың әсері зор болып, бұл алқап тез эрозияға ұшырады.

Дақылдар егілген жерлермен салыстырғанда, беткі ағынның аз мөлшері мен топырақтың шайылуының тәменгі көрсеткіштері айдалмаған тың жерлерде байқалды. Сондықтан айдалған жерлердегі агроландшафттарға егілген дақылдарды ескеріп, су эрозиясына қарсы шараларды дифференциацияланған бағытта жоспарлап, іске асыру қажет.

Жылда егін егу үшін айдалатын тәлімі жерлер мен суармалы алқаптардағы топырақтардағы өзгерістерді нақтылаш көрсетіп кетуді жөн көрдік (3-кесте).

Кестеде көрсетілген мәліметтерге жүгінсек, суармалы күнгірт қарақоңыр топырақтардың құнарлылық көрсеткіштерінің өздеріне тән ерекшеліктері бар, әсіресе, бұл өзгерістер, суармалы күнгірт қарақоңыр топырақтардың тектік құрылымдарындағы қасиеттерінен анық көрінеді. Мысалы, жылдағы суарудың әсерінен А қабатындағы гумустың жайғасуы, тың жердегі топырақ қабатымен салыстырғанда, тәмен қарай созыла ығысқаны байқалады. Сол сияқты, жоғарғы қабаттарындағы анық байқалатын кесектік құрылымдары мен жауын құрттарының іздерінің (капролиттердің) терең қабаттарға дейін ығысқандығы және қарбонаттың қасиетке ие қабаттағы олардың көзге көрінетін дақтары мен түйіршіктерінің тәмен қарай езіле созылып, тәменгі қабаттарға дейін жететіндігі байқалады.

Бұл топырақтардың механикалық құрамдары орташа және ауыр саздақтарға жатады және жылдағы суару шараларының әсерлерінен, жоғарғы қабаттардағы лайлы фракциялар тәменге қарай ығысулары байқалады. Микроагрегаттылықтары мен суға тәзімді макроқұрылымдарының өздеріне тән қасиеттері

Кесте 3 – Іле Алатауының етегіндегі күнгірт қарақоңыр топырақтардың морфологиялық-аналитикалық сипаттамасы

Топырақ қаситетерінің көрсеткіштері	Тектік қабатта р	Статистикалық көрсеткіштер						
		n	max	min	x	$\sigma$	$\pm m$	V, %
Қабаттың қалыңдығы, см	A <sub>1</sub>	23	10	6	9,6	0,87	0,17	9,1
	A <sub>2</sub>		30	16	25,0	4,4	1,1	17,2
	B <sub>к</sub>		60	40	50,3	10,2	2,1	20,1
	C <sub>1</sub>		90	70	83,8	6,2	1,6	7,6
CO <sub>2</sub> карбонаттылығы, %	A <sub>1</sub>	13	4,3	1,3	1,91	0,90	0,29	31,1
	A <sub>2</sub>		6,8	1,8	1,90	1,94	0,73	48,9
	B <sub>к</sub>		7,1	1,9	4,02	1,96	0,54	43,1
	C <sub>1</sub>		8,5	2,6	4,53	2,4	0,83	33,8
Гумус (қарашірік), %	A <sub>1</sub>	17	4,2	2,0	3,23	0,73	0,22	22,8
	A <sub>2</sub>		3,7	1,1	2,25	0,74	0,23	34,9
	B <sub>к</sub>		3,6	0,4	1,36	0,68	1,16	50,3
	C <sub>1</sub>		1,8	0,3	1,03	0,59	0,24	56,9
Сіңірілген кальций, мг-экв.	A <sub>1</sub>	14	23,9	9,8	14,20	4,6	1,6	32,2
	A <sub>2</sub>		16,0	6,2	12,05	4,0	1,9	33,0
	B <sub>к</sub>		24,3	4,0	14,23	2,2	0,6	16,1
	C <sub>1</sub>		10,7	1,9	5,76	-	-	-
P <sub>2</sub> O <sub>5</sub> , мг/кг	A <sub>1</sub>	11	30,1	5,6	2,00	1,53	0,48	75,1
	A <sub>2</sub>		9,4	5,3	0,70	0,33	0,12	47,8
	B <sub>к</sub>		7,3	3,6	0,65	0,30	0,10	43,0
	C <sub>1</sub>		-	-	-	-	-	-
K <sub>2</sub> O, мг/кг	A <sub>1</sub>	14	600	95,1	3,10	16,0	5,0	51,7
	A <sub>2</sub>		558	75,0	26,3	16,1	5,3	60,8
	B <sub>к</sub>		569	72,3	25,8	15,7	4,1	60,5
	C <sub>1</sub>		178	70,0	8,10	5,2	2,6	64,5
Жеңіл гидролизденетін азот, мг/кг	A <sub>1</sub>	6	147,6	64,0	9,5	5,0	2,28	52,7
	A <sub>2</sub>		-	-	-	-	-	-
	B <sub>к</sub>		-	-	-	-	-	-
	C <sub>1</sub>		-	-	-	-	-	-
Физикалық саз (<0,01 мм), %	A <sub>1</sub>	23	52,30	19,00	41,73	9,2	2,2	22,6
	A <sub>2</sub>		55,44	23,53	42,74	9,3	2,4	22,1
	B <sub>к</sub>		67,62	25,91	45,23	8,8	1,9	19,9
	C <sub>1</sub>		62,15	34,95	46,21	7,7	1,9	16,5
Лай (<0,001 мм), %	A <sub>1</sub>	23	18,80	5,63	13,35	4,4	1,0	33,0
	A <sub>2</sub>		21,29	3,30	12,05	5,1	1,4	43,0
	B <sub>к</sub>		29,64	6,78	16,00	5,4	1,2	35,5
	C <sub>1</sub>		29,90	9,79	16,83	5,9	1,5	36,0

жоғарғы көрсеткіштерге ие екендікті терін байқатады.

Топырақ кескіндерінің жоғарғы қабаттарындағы гумустың мөлшері 2-ден 4,2 %, жалпы азот – 0,12-ден 0,20 %-ға дейінгі аралықта жайғасқан. Әсіресе, гумустың мөлшері, кескіндік шұңқырыңың өң бойына таралып, тереңдеген сайын біртінде азаятындығы байқалады. Көміртегінің азотпен арақатынасының мәндері (жоғарғы қабаттарында) 9-бен 10-ның арасында кездеседі, ал

гумустың толтамаларының ішіндегі мол мөлшердегісі – кальцийдің гуматы болып, гумин қышқылдары мен фульвоқышқылдарының арақатынасы «1 (бір)» деген мәннен жоғарыны көрсетеді. Бұл көрсеткіш, зерттеліп отырған топырақтардың далалық биоклиматтық жағдайда дамып, қалыптасқандарына айғақ екендігін дәлелдейді.

Жалпы, Қазақстан территориясындағы су эрозиясын зерттеп, оны болдыр-

мау шараларын ғылыми негіздеу өте өзекті мәселеге жатады. Себебі, бұл процесс, Республиканың барлық ауқымын қамтыған. Мысалы, 20-тан астам еңістіктері жер көлемі 16819,1, 60 - қа дейінгілері - 9833,9, 100- қа дейінгілері - 3502,7 және бұданда еңстеу бедері бар жер көлемдері 3460,2 мың гектарға жетеді [2]. Бұларға қосымша, таулы аймақтың 36,9 мың гәжерін есепке алсақ, Қазақстандағы су эрозиясына қауіпті жер көлемі 50 млн гектардан асып түседі. Бұлардың ішіндегі суармалы және тәлімі жерлердің үлесі едәуір мол болып, тау алды жазықтары мен еңістік бедерлерге ие екендігін мойындау керек [3]. Ескерте кететін бір жағдай, мұндай терриориялардағы иригациялық эрозия процесстерін зерттеуге біраз тұғырнамалық ғылыми зерттеулер арналып, су эрозиясының қауіптілігін болдырмау шаралары біршама жүйеленгенін айта кету керек 2010 [4-7].

### ҚОРЫТЫНДЫ

1. Алматы облысындағы Қарасай ауданында жайғасқан күнгірт қарақоңыры топырақтарды қамтыған агроландшафттардың қоныстық деңгейдегі 1:25 000 масштабтық карталары ГАЗ технологиясын қолдану арқылы құрастырылып, ArcGIS 9.3 бағдарламасы мен оның 3D Analyst қосымша модулін пайдалану арқылы беткейлік экспозициялардағы еңістіктердің дәрежелік көрсеткіштерін градус арқылы анықталды. Бұларды топастырып (1-3; 3-5; 5-7; >7), әрқайсысындағы беткі ағын мен су эрозиясының қарқындылықтары далалық-табиғи жағдайда анықталды. Олардың құрамына еріген қар суының ағындық көрсеткіштері мен коэффициенттері және топырақтың шайылу мөлшерлері енді.

2. Бұл ландшафттардағы беткі ағынның әсерінен ылғал мөлшері мен топырақтың құнарлылығын көрсететін бөліктерінің мөлшерлері едәуір кемігендігі

байқалды. Мұндай құбылыс, әсіресе, оңтүстік беткейлік экспозициядағы еңістік көрсеткіштерінің дәрежелері жоғары болып келетін жер бедерлеріне тән екендігі айқындалады, ал солтүстік экспозицияда жайғасқан топырақтардың су эрозиясына тәзімділігі оңтүстіктегілерден артық екендігі дәлелденді. Сол сияқты, топырақтың шайылуы қардың еруімен салыстырғанда, жаңбырдың әсер ету қарқындылығы жоғары болады екен. Мысалы, солтүстік экспозицияның әр түрлі еңістіктік көрсеткіштерінде қардың еру нәтижесінде топырақтың шайылуы 1,2-2,8 т/га болса, жаңбыр жауғанда - 2,4-23,4 т/га, ал осындай еңістіктер бар оңтүстік экспозицияларда - 1,5-3,5 т/га болды. Беткейдің еңістіктік көрсеткіштері екі есе артқан жағдайда, қардың еруі кезіндегі беткі ағын қарқындылығы 1,1-1,2 есеге, ал үш есе көбейген жағдайда - 1,6-2,3 есеге, ал бұлармен салыстырғанда жаңбырдың әсерінен 2 және 5-10 есеге артатындығы дәлелденді.

3. Егістік жерлерде эрозияға қарсы тұрудың жоғарғы көрсеткіштеріне жонышқа және құздік бидай егілген алқаптар ие болып, соларға сәйкесінше топырақтың шайылуы 0,34 және 0,65 т/га құрады. Бірақ, топырақтың ылғалды сініріп, сақтап қалуы жонышқа егілген алқаптармен салыстырғанда құздік бидай алқаптарында жоғары екендігі анықталды. Арпаның баяу дамуының әсерінен егістік алқаптың беті толық жабылмай, жаңбырдың әсері мол болып, бұлар тез эрозияға ұшырайды.

4. Дақылдар егілген жерлермен салыстырғанда, беткі ағынның аз мөлшері мен топырақтың шайылуының төменгі көрсеткіштері айдалмаған тың жерлерде байқалды. Сондықтан айдалған жерлердегі агроландшафттарға егілген дақылдарды ескеріп, су эрозиясына қарсы шараларды дифференциацияланған бағытта жоспарлап іске асыру қажеттігі туындейды.

5. Суармалы жерлердегі агроландшафттардың құрамдарындағы топырақтардың морфологиялық-аналитикалық қасиеттерінде ерекшеліктер бар екендігі анықталды. Әсіресе, гумустың мөлшері, кескіндік шүңқырдың өң бойына таралып, терендереген сайын біртіндеп азаятындығы байқалады. Көміртегінің азотпен ара қатынасының мәндері (жоғарғы қабаттарында) 9-бен 10-ның ара-

сында кездеседі, ал гумустың топтамаларының ішіндегі мол мөлшердегісі – кальцийдің гуматы болып, гумин қышқылдары мен фульвоқышқылдарының ара қатынасы «1 (бір)» деген мәннен жоғарыны көрсетеді. Бұл көрсеткіш, зерттеліп отырған топырақтардың далалық биоклиматтық жағдайда дамып, қалыптасқандарына айғақ екендігін дәлелдейді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Шоқпарова Д.Қ., Кәкімжанов Е.Х. Дифференциацияланған агроландшафттардың деградацияға ұшырау қауіптілігін бағалау карталарын құрастыру. I. Іле алатаяның етегінде жайғасып, ашық қарақоңыр топырақтарды қамтыған агроландшафттардағы беткі су ағындарының эрозиялық әрекеттерін бағалау //Почвоведение и агрохимия. №1. 2011. С. 80-91.
2. Паракшина Э.М., Сапаров А.С., Мирзакеев Э.К. Эрозия Казахстана. Алматы. 2010. 367 с.
3. Джанпеисов Р. Эрозия и дефляция почв Казахстана. Алма-Ата. Наука. 1977. 232 с.
4. Балгабеков К.Б. Изучение элементов техники бороздкового полива на светлокаштановых почвах Алма-Атинской области, подверженных иригационной эрозии // Автограф. канд. дисс. Алма-Ата. 1971. 22 с.
5. Иорганский А.И. Защита от водной эрозии и повышение плодородия богарных почв Казахстанского Тянь-Шаня // Диссертация на соискание ученой степени доктора с.-х.н. 06.01.01. Общее землеведение. 1998. 306 с.
6. Мирзакеев Э.К. Ирригационная эрозия орошаемых почв предгорной зоны Казахстанского Тянь-Шаня и меры борьбы с ней // Автограф. доктор. дисс. Алматы. 2008. 43 с.
7. Мирзакеев Э.К., Сапаров А.С. Эрозия орошаемых почв предгорной зоны Казахстанского Тянь-Шаня и меры борьбы с ней. Алматы. 2010. 230 с.

#### РЕЗЮМЕ

Была создана карта агроландшафтов 1:25 000 масштаба на уровне урочищ с использованием ГИС технологии с целью изучения эрозионной деятельности поверхности стока на светлокаштановых почвах предгорья Заилийского Алатау, расположенные на территории Жамбылского и Карасайского административных районов Алматинской области. При этом были изучены эрозионные действия дождя и снега в зависимости от степени уклона южных и северных склонов агроландшафтов. Определялись величина и коэффициент стока, величина смытости почвы, интенсивность эрозионного процесса и дана дифференцированная оценка для каждого из них. В результате выяснилось, что устойчивость почв к водной эрозии на северном склоне больше, чем на южных аналогах.

#### RESUME

Aim of the study about water erosion and surface runoff on light chestnut soils is the development of an agro-landscape map in a scale of 1:25.000 on the basis of natural units and natural boundaries by using GIS combining digital and field data in the study area of the foothills of the Ili Alatau, located in the administrative district of Zhambyl and Karasay / Kazakhstan. The study includes the erosive processes determined by snowmelt and rain depending on slopes (on the southern and northern slope exposition). We determined the magnitude level of the runoff coefficient, the rate of soil erosion (in t/ha) and include a specialized GIS assessment of the study area to map the rate. The results also differentiate the water erosion resistance of the soils.